

FTAХР 06.71.57
ӘОЖ 338.312

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА,¹

э.ғ.к., профессор.

А.К. АУЕЛБЕКОВА,¹

э.ғ.к.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті¹

КӘСІПОРЫННЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАРДЫ ЖІКТЕУ

Аңдатпа

Әлемнің барлық дамыған елдерінде шағын бизнес инновациялық дамудың қуатты қозғаушы күші болып табылады. Ол жаңа идеялар мен жаңалықтардың көзі және генераторы бола отырып, инновациялық қызметтің негізгі субъектісі болып табылады. Қазақстан экономикасының қазіргі кезеңінде инновацияларды енгізу және дамыту шағын және орта бизнес субъектілері қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды факторы ғана емес, сонымен қатар, ұлттық мемлекеттік экономикалық саясаттың басым бағыты болып табылады. Қазіргі уақытта экономикалық, әлеуметтік, басқару мәселелерін шешу кезінде шағын кәсіпкерлік субъектілерінің табысы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін пайдалануға және коммерцияландыруға, бәсекеге қабілетті жаңа тауарлар мен қызметтерді шығаруға бағытталған оның ерекше, жаңашыл стиліне, инновациялық қызметіне байланысты. Осыған байланысты, осы зерттеудің мақсаты инновациялық әлеуеттің әртүрлі факторларын зерттеу болып табылады, олар оның дамуына кедергі келтіруі және ықпал етуі мүмкін. Осы мақала шеңберінде авторлар кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне әсер ететін әртүрлі факторларға жан-жақты талдау жүргізеді, жалпы ғылыми әдістерді: синтездеу, талдау, салыстыру, жалпылау қолдана отырып, факторлардың жіктелуін әзірледі. Зерттеу нәтижелері кәсіпорын басшыларына инновацияларды енгізу кезінде пайдалы болуы мүмкін, кәсіпорынның инновациялық қызметін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін ұтымды шешімдер қабылдау кезінде қолданылуы мүмкін.

Тірек сөздер: инновациялық әлеует, тиімділік факторлары, шағын кәсіпкерлік, бәсекеге қабілеттілік, ғылыми әзірлемелер, талдау.

Әрбір кәсіпорын, оның ішінде шағын кәсіпорын өзінің инновациялық қызметін жүзеге асыра отырып, бүгінгі күні жоғары тәуекел және белгісіздік дәрежесімен ерекшеленетін ішкі және сыртқы ортаның түрлі факторларының әсерін бастан кешуде. Осы қызметті іске асыру қабілеті кәсіпорынның инновациялық әлеуетімен анықталады, осыған байланысты инновациялық әлеуетті бағалау әдістерін әзірлеу үшін оның дамуына әртүрлі факторлардың әсер ету сипаты мен дәрежесін белгілеу қажет.

Әдебиетке шолу жасау шағын кәсіпкерлік субъектілерінің инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторларды топтастырудың бірнеше тәсілдерін анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, инновациялық қызметке кедергі келтіретін және ықпал ететін факторлардан тұратын факторлардың жіктелуі бар. Инновациялық қызметтің дамуына кедергі келтіретін факторларға мыналар жатады: ғылыми зерттеулер мен технологиялық әзірлемелерге қаржылық қолдаудың төмендігі, ғалымдарға жеткіліксіз қолдау көрсетуі, шағын кәсіпорындарды құқықтық қорғаудың әлсіз болуы, сондай-ақ инновациялық объектілерді ақпараттық қамтамасыз етудің әлсіз болуы. Инновациялық әлеуеттің дамуына кедергі келтіретін факторларды екі топқа бөліп көрсетуге болады: инновациялық әлеуеттің сапалы мазмұнын анықтайтын трансформациялық факторлар (кадрлық, ғылыми, техникалық-технологиялық және қаржылық шектеулер); кәсіпорынның инновациялық қызметін жүзеге асыруға дайындығын сипаттайтын трансакциялық факторлар (ақпараттық, ұйымдастырушылық және институционалдық шектеулер) [1]. Осы кедергілерді жою және инновациялық кәсіпорындарды қолдау мақсатында инновациялық қызметке қатысушылардың өзара байланысын қамтамасыз ететін инновациялық инфрақұрылым объектілері құрылуы тиіс.

Н.А. Арсентьева инновациялық әлеуеттің келесі факторларына назар аударды: мемлекеттік және жеке меншік сектордың инновацияларды енгізуге дайындығы, зерттеу бағыттары, қоғамның инновацияларға қабылдағыштығы және инновациялық дәстүрлер [2]. Біздің ойымызша, бұл факторлар тізімі толық емес.

Кейбір ғалымдар инновациялық әлеуетті өзгертудің ішкі мазмұнын, ауқымы мен қарқынын ғана анықтайтын факторларды қарастырды:

- ◆ ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында өнімді жаңарту, оның техникалық-пайдалану деңгейін арттыру;
- ◆ халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың белсенділігін арттыру, әлемдік нарыққа шығу;
- ◆ ғылыми зерттеулер мен техникалық әзірлемелердің нәтижелерін жылдам игеру және жаппай тарату;
- ◆ құрамына зерттеу және инженерлік-техникалық персонал кіретін кадрлық әлеуетті сақтау [3].

Кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне кері әсер ететін факторлар белгілі бір қызығушылық танытады, оның ішінде экономикалық, өндірістік және ұйымдастыру факторлары қарастырылған (кесте 1).

Кесте 1 – Кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне теріс әсер ететін факторларды жіктеу

Факторлар		
Экономикалық	Өндірістік	Ұйымдастыру
<ul style="list-style-type: none"> ◆ Өз қаражаты мен мемлекеттік қаржылық қолдаудың жетіспеушілігі ◆ Инновациялық өнімдерге төлем қабілеттілігінің төмендігі ◆ Жаңалықтардың жоғары құны ◆ Жаңалықтардың өтелімділігінің ұзақ мерзімі және т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Кәсіпорындардың жаңа енгізілімдерге шағын сезімталдығы ◆ Жаңа технологиялар туралы ақпараттың жетіспеушілігі ◆ Білікті персоналдың жеткілікті санының болмауы ◆ Басқа инновациялық-белсенді кәсіпорындармен және ғылыми ұйымдармен кооперация үшін мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ Инновациялық қызметті реттейтін заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттардың жеткіліксіздігі ◆ Инновациялық үдерістер мерзімдерінің белгісіздігі ◆ Инновациялық ◆ Инфрақұрылымның дамымауы ◆ Технологиялар нарығының дамымауы
Ескертпе – Көзі [4].		

Егер елдегі инновациялық дамуға белгілі бір саяси және экономикалық басымдықтар берілетін болса, инновациялық әлеуетті қалыптастырудың қолайсыз факторларының көпшілігін тез еңсеруге болады. Сонымен қатар, тездетуге келмейтін факторлар бар. Бұл еңбек әлеуетінің сапасы, еңбек нарығының инновациялық сегментінің талаптарына сәйкес құзыреттілік және т.б.

Инновациялық әлеуеттің ішкі факторларына инновациялық қызмет субъектісінің өзі тікелей әсер ететін факторлар жатады. Олар: менеджменттің жай-күйін, ұйымның инновацияға қабілеттілігін көрсететін ұйымдастырушылық факторлар; кәсіпорынның жаңа технологиялар мен инновациялық өнімдерді дамытуға бағытталуымен байланысты технологиялық факторлар; кәсіпорынның активтері мен пассивтерінің сапалық сипаттамалары, пайда мен өтімділік көрсеткіштері, капиталдың жеткіліктілігін сипаттайтын экономикалық факторлар болып бөлінеді [5].


Сыртқы орта факторлары екі дербес топқа біріктіріледі:

1) кәсіпорынның жұмысына тікелей әсер ететін (нормативтік-құқықтық актілер, мемлекеттік реттеу органдары, ресурстарды, жинақтаушы бұйымдарды жеткізушілер, дайын өнімді тұтынушылар, бәсекелестер);

2) кәсіпорын жұмысына жанама әсер ететін (экономиканың жалпы жағдайы, саяси жағдай, ғылыми-техникалық прогресс, сондай-ақ табиғи, мәдени және демографиялық факторлар) [6].

Айта кетерлік жайт, кәсіпорындардағы инновациялық қызмет белгілі бір себептер мен факторларға байланысты мүлде басталмауы немесе дамымауы мүмкін, олар: жоғары бағалар; сатып алу сұранысының болмауы; кәсіпорынның ерекше факторлары; заңнамалық факторлар.

Инновациялық қызметке әсер ететін факторлардың кең жіктелуі Ю.А. Чайран жұмысында ұсынылған (сурет 1, б. 29). Анықталған факторлар кәсіпорындарға елеулі әсер етеді және қызметке ықпал етеді немесе оны, оның ішінде инновациялық қызметті де баяулатады.



Сурет 1 – Кәсіпорындардың инновациялық дамуына әсер ететін факторларды жіктеу

Ескертпе – Көзі [7].

Зерттеу барысында инновациялық қызметті жылжытуды шектеуші-факторлар мен ынталандыру-факторлары анықталды. Ынталандыру-факторлары сыртқы және ішкі ортада пайда болады, бұл кәсіпорынның инновациялық қызметін дамытуға ықпал ететін катализаторлар. Инновациялық қызметті шектеуші-факторлар кәсіпорынның инновациялық даму процесін тежейтін сыртқы және ішкі орта тарапынан теріс әсерлермен анықталады.

Сөзсіз, факторларды жіктеуді әзірлеу мәселесі таусылған жоқ және өзінің одан әрі дамуына ие болады. Ең бастысы жалпы жүйедегі факторлардың әрбір тобының орнын нақты анықтау болуы тиіс. Мұндай жағдайда факторларды жіктеу міндеті факторлар жүйесін анықтаудан тұрады.

Факторларды жіктеудің барлық бар белгілері мен оның жекелеген түрлері туралы ақпаратқа ие болу ғылыми және практикалық қызмет үшін үлкен маңызға ие. Сонымен қатар, қазіргі сыныптамалар инновациялық әлеуетті талдау және бағалау теориясына органикалық түрде сәйкес келмейді деп ойлаймыз. Осыған байланысты қолда бар ақпарат пен ақыл-ой мәнінің логикасы негізінде топтар мен факторлар түрлерін сәйкестендірудің әдіснамалық аспектілеріне қажеттілік туындады. Біздің ойымызша, оңтайлы басқару мақсаттары үшін факторларды жіктеуге ақылға қонымды оңайлатуды іздеу шектеулі уақыт аралығында басқару шешімдерін қабылдауды қамтамасыз ету қажеттілігімен және ең аз шығындармен байланысты.

Инновациялық әлеуетке әсер ететін факторлардың авторлық сыныптамасын әзірлеу үшін мынадай аспектілерді атап өткен жөн.

Біріншіден, біздің ойымызша, барлық факторларды екі топқа бөлу орынды: ынталандырушы және шектеуші. Екіншіден, факторлардың жіктелуі қауіптердің пайда болу көздерін көрсетуі тиіс. Кәсіпкерлік қызметте қауіптер сырттан да, ұйымның ішінде де туындауы мүмкін. Осыған байланысты біз факторларды ішкі және сыртқы деп бөлеміз. Үшіншіден, факторларды жүйелеу иерархиялық деңгейді де ескеру керек деп ойлаймыз.

Шағын кәсіпорынның инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторлардың авторлық жіктелуі жіктеудің барлық үш белгісін біріктіретін матрица түрінде ұсынылған (кесте 2, б. 30).

Ынталандырушы сыртқы факторларға біз шағын және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын жатқыздық. Біздің ойымызша, мемлекеттің рөлі тұтастай алғанда кәсіпорындардың инновациялық дамуы саласындағы стратегиялық мақсаттарды, басымдықтарды айқындауда, инновацияларды енгізу, осы дамуды қолдау, сондай-ақ заңнамалық базаны құру жолымен тиімді қанағаттандыруға болатын қоғамның қажеттіліктерін айқындауда болып табылады.

Кесте 2 – Шағын кәсіпорындардың инновациялық әлеуетіне әсер ететін факторларды жіктеу

Факторлар		Ішкі	Сыртқы
Факторлар	Шектейтін	<ul style="list-style-type: none"> ◆ қаржы ресурстарының жетіспеушілігі; ◆ персонал біліктілігінің жеткіліксіздігі; ◆ инновациялық қызмет менеджментінің болмауы; ◆ жеке әзірлемелердің болмауы. 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ бәсекелестердің іс-әрекеті; ◆ нарықта сұраныстың болмауы; ◆ жоғары салықтар мен алымдар; ◆ елдегі қолайсыз саяси жағдай.
	Ынталандырушы	<ul style="list-style-type: none"> ◆ ұйымдық құрылымның карапайымдылығы; ◆ ұйымды басқару ұтқырлығы; ◆ дамыған инфрақұрылым; ◆ тұтынушыларға бағыт беру. 	<ul style="list-style-type: none"> ◆ технологияның дамуы; ◆ әлеуметтік-мәдени орта; ◆ мемлекеттің инновациялық саясаты; ◆ шағын орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары.
Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.			

Әлеуметтік-мәдени орта соңғы инновациялық өнімге сұраныстың қалыптасуын, сондай-ақ өндіріске және өмірге жаңа енгізілімдерді енгізу мүмкіндігін тікелей айқындайды. Қоғамның жаңа, прогрессивті ұмтылуы, әлеуметтік дағдарыстарды еңсеру және демографиялық мәселелерді шешу үшін инновацияларды енгізу қажеттілігі қоғамның, тұтастай алғанда елдің, сондай-ақ шағын кәсіпорындардың инновациялық дамуын ынталандырады.

Ғылыми-техникалық прогресті дамытудың жоғары деңгейі инновациялық процесті жылдам, тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, әртүрлі салаларда бір ғылыми-техникалық идеяны дамыту мен қолданудың баламалы жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Бәсекелестік жаңалықтарды енгізу процесін жеделдетуге ықпал етеді, кәсіпорынның бәсекелестік позицияларын нығайту үшін жаңа бәсекелестік шешімдерді іздестіруді ынталандырады, соның салдарынан – түрлі әзірлемелерді жүзеге асырады.

Жүргізілген талдау негізінде сыртқы ортаның факторлары кез келген кәсіпорынның қызметіне үлкен әсер етеді, алайда бұл әсердің күші мен ерекшелігі бірдей емес деп қорытынды жасауға болады. Кәсіпорынның инновациялық қызметіне қандай жағдайлар әсер ететінін білу үшін ішкі орта факторларына талдау жүргіземіз.

Қазіргі таңда тұтынушымен тиімді жұмыс істеу мәселесі бірінші жоспарға шығады, инновацияларды коммерциялық іске асырудың табысы оған байланысты. Инновацияларды тиімді коммерцияландыру өндірушілерді инновациялық әлеуетті арттыруға, инновациялық қызмет ауқымын ұлғайтуға ынталандырады.

Ақпараттық, ғылыми, өндірістік қолдау көрсетуді, консалтингтік және білім беру қызметтерін, жарнама және инновацияларды ілгерілету бойынша қызметтерді көрсетуді болжайтын дамыған инфрақұрылым сөзсіз кәсіпорынның инновациялық әлеуетін қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

Инновациялық қызметті қаржыландыру меншікті, тартылған және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін. Әрбір кәсіпкердің инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін несие тартуға мүмкіндігі мен ықпалы жоқ, бұл оның жоғары тәуекелдеріне, сондай-ақ несие бойынша жоғары ставкадан бастап және несиені кепіл мүлкімен қамтамасыз ету қажеттігіне дейін несиелік ұйымдардың талаптары мен шарттарына байланысты.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі кәсіпорынның жетістігінің, оның қазіргі экономикалық ортада өмір сүру қабілетінің кілті болып табылады. Авторлар ұсынған матрица түріндегі жіктеу: сыртқы және ішкі факторларды анықтауға; кәсіпорынның инновациялық әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға әсер ететін факторларды нақты құрылымдауға; инновациялық қызметтің төмендеуіне себеп болуы мүмкін факторларды белгілеуге мүмкіндік береді. Әрбір факторды егжей-тегжейлі зерделеу кезінде олардың әсерін азайту құралдарын іздеумен, сондай-ақ кәсіпорындарды инновациялық дамытудың тиімді әдістемесін құрумен айналысуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Макарова Е.С. Классификация факторов инновационного потенциала региона // Экономика и менеджмент инновационных технологий. – 2012. – № 1. – С. 48–56.
- 2 Арсентьева Н.А. Инновационный потенциал как фактор обеспечения конкурентоспособности экономической системы: дис. ... канд. экон. наук. – Чебоксары: Чувашский гос. университет им. И.Н. Ульянова, 2010. – 144 с.
- 3 Диваева Э.А. Основы оценки уровня инновационного потенциала и оценка его уровня. – М.: КНОРУС. – 2009. – 260 с.
- 4 Бакланова Ю.О. Управление портфелем проектов развития организации: монография. – МЦНИП, 2014.
- 5 Суязов В.Н. Оценка эффективности инновационного развития производственных организаций: монография. – М.: Восход. – 2010. – 300 с.
- 6 Гумба Х.М., Михайлов В.Ю., Гамулецкий В.В. Формирование механизма инновационно-стратегического развития строительных предприятий. – М.: Ассоциация строительных вузов, 2014. – 400 с.
- 7 Чайран Ю.А., Белякова Г.Я. В состоянии прорыва: факторы, влияющие на развитие инновационной деятельности // Креативная экономика. – 2014. – № 11(95). – С. 162–170.

Аннотация

Во всех развитых странах мира малый бизнес является мощным двигателем инновационного развития. Он часто выступает основным субъектом инновационной деятельности, являясь источником и генератором новых идей и нововведений. На современном этапе казахстанской экономики внедрение и развитие инноваций является не только важным фактором повышения эффективности деятельности субъектов малого и среднего бизнеса, но и приоритетным направлением национальной государственной экономической политики. В настоящее время успех субъектов малого предпринимательства при решении экономических, социальных, управленческих проблем зависит от его специфического, новаторского стиля, инновационной деятельности, которая направлена на использование и коммерциализацию результатов научных исследований и разработок, выпуск новых конкурентоспособных товаров и услуг. В связи с этим целью данного исследования является изучение различных факторов инновационного потенциала, которые могут как препятствовать, так и способствовать развитию малого бизнеса. В рамках статьи авторами проведен всесторонний анализ различных факторов, влияющих на инновационный потенциал предприятий, разработана классификация факторов с использованием общих научных методов: синтеза, анализа, сравнения, обобщения. Результаты исследования могут быть полезны руководителям предприятий при внедрении инноваций, использованы при принятии рациональных решений, которые позволят эффективно управлять инновационной деятельностью предприятия.

Ключевые слова: инновационный потенциал, факторы эффективности, малое предпринимательство, конкурентоспособность, научные разработки, анализ.

Abstract

In all developed countries of the world, small business is a powerful engine of innovative development. It often acts as the main subject of innovation, being a source and generator of new ideas and innovations. At the present stage of the Kazakhstan economy, the introduction and development of innovations is not only an important factor in improving the efficiency of small and medium-sized businesses, but also a priority area of national state economic policy. At present, the success of small businesses in solving economic, social, managerial problems depends on its specific, innovative style, innovation activity, which is aimed at the use and commercialization of research and development results, the introduction of new competitive products and services to the market. In this regard, the aim of this study is to study the various factors of innovative potential that can both hinder and promote the development of small businesses. In the framework of the article, the authors conducted a comprehensive analysis of various factors affecting the innovative potential of enterprises, developed a classification of factors using general scientific methods: synthesis, analysis, comparison, generalization. The results of the study can be useful to managers of enterprises in the implementation of innovations, used in making rational decisions that will effectively manage the innovation activity of the enterprise.

Key words: innovative potential, efficiency factors, small business, competitiveness, scientific developments, analysis.